


## 2022 -2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық талдауы

Құрман орта мектебінің 2022 – 2023 оқу жылында 11 класта 18 оқушы бастап , 18 оқушы аяқтады, олардың 4 - уі « озаттар»-Базарбай Т ,Сисенова А, Әлім А , Орынбасарова А «Алтын белгі» үміткерлері: 4 - уі «екпінділер» - Тнеева Г, Қатарбай М , Сисенбаева А , Оспанова А .Қалғандары орташа үлгеріммен аяқтады.

11 класта жылдық жоспар бойынша бекітілген сынып сағаттары уақытында өтіп тұрды. Атап айтсақ: «Қазақстан- 2050: бір мақсат, бір мүдде,бір болашақ» тақырыбында «Елбасы мұраты –ел бақыты, гүлденген Қазақстан» атты класс сағаты өтті. Мақсаты: Отан,Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кенейту,тақырып бойынша оқушыларға жан жақты білім беру және Отанға, туған жерге патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Осы тақырыптағы мәселелер оқушылар арасында қызу тартыс туғызды.



«Құқықтық сауаттылық – заман талабы » атты тәрбие сағаты. Мақсаты: оқушыларға Конституцияның мәні, сипаты,маңызы туралы білім беру.Оқушыларды Ата Заңға сый- құрметпен қарауға тәрбиелеу. «Ұлың өсіп ер жетті, қызың өсіп бойжетті» ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларды парасаттылыққа, инабаттылыққа, әдептілікке, ата-анаға мейірбанды болуға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Бала тәрбиесінде ата- ананың ролін арттыру,әкенің отбасындағы жауапкершілігін арттыру барысында ата –аналармен және оқушылармен ой бөлісу.Сабақ түрі: пікірлер, ой бөлісу, сурақ – жауап.



«Тілім менің», «Қарттарым - қазынам», «Мен және менің досым» т.б. тәрбие сағаттары өтті.



Көбіне тәрбие сағаттарын оқушыларға бөліп , өздері ізденіп өткізуіне көп көңіл бөлемін. Оқушылардың ұйымдастырған сабақтарына тоқталсақ: Сембаева А мен Тнеева М .«**ЖҚТБ - қасірет қақпаны**» атпен сұрақ жауап сабағы өтті. Мақсаты: оқушыларға денсаулықтың маңыздылығы туралы, болашақ ұрпақтың есірткі , зиянды заттардан аулақ болуына тәрбиелеу. «**ҰБТ - заман талабы**» тақырыбында өткен дебат - ойын сабақтың мақсаты : оқушылардың ҰБТ ға қалай дайындалып , қандай материалдармен, қандай әдіс тәсілдер пайдаланып отырғандары туралы өздерінің пікірлерін ортаға салды. Солардың бірі: «**Тәуелсіздік – ата бабам аңсаған**». Ұйымдастырып өткізген кластың оқушылары: Салауатов Айзат пен Аманғали Нүрсұлтан. Мақсаты: оқушыларға тәуелсіздік туралы білімдерін толықтыру.Сабақ интерактивті тақта арқылы өтті. Қазақстанның өткені мен болашағы туралы слайдтар көрсетілді.Сондай – ақ сабақта оқушыларға сұрақтар да қойылды. Сабақта оқушылар өз ойларын толықтырып және кейбір пікірлерге қарсы ойларды айтып , сабақты одан әрі жандандырды.

Енді оқушылардың жетістіктеріне тоқсалсақ. 2022- 2023 оқу жылында жалпы білім беру мектеп оқушылары арасында аудандық ХҮ Спартакиадасына 3000 м жүгіруден Қатарбай М мен Рышпаев И қатысып жүлделі І орынға ие болды. Мектепте өткен «**Математика апталығында**» Сисенова пен Базарбай Т қатысқан топта І – орынға ие болды. Ал, мектепшілік «**Күзгі бал**» кешінде Тнеева Г мен Табынбаев екінші орынға ие болды. Мектепшілік жарыстардан басқа көптеген аудандық , облыстық, Республикалық интеллектуалды ойындардан жүлделі орындарды иеленді Тәрбие сағаттарынан басқа да ата – аналармен де жұмыстар жүргізілді. Әрбір тоқсан осындай өзекті мәселермен,

мысалы: «Мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланыс» тақырыбында және алдағы оқу жылындағы ҰБТ ның жайы айтылып, қорытынды жиналысымен аяқталды.



